

**"Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 27 қазанындағы № 651 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 30 қыркүйектегі № 771 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 29 қазанда № 8859 тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-1-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 27 қазандағы № 651 (нормативтік құқықтық актілерінің реестрінде № 7313 тіркелген, «Казахстанская правда» газетінің 2012 жылдың 5 мамырдағы № 128-129(26947-26948) жарияланған) бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әуе кемелерінің халықаралық ұшуын қамтамасыз етуге арналған әуежайларды ашу және жабу қағидасында: 3-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) авиакассалармен, тіркеу тағандарымен, тіркеу, күту, ұшу және ұшып келу залдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, оның ішінде мүгедектер мен халықтың баяу қимылдайтын топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар (өтетін және шығатын жолдар қолжетімді болуы тиіс және пандустармен, арнайы бейімделген лифтілермен жабдықталуға тиіс), ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету объектілері, медициналық пункт, жоғалған заттарды табу бюросымен жарақталған аэровокзал болуға тиіс, «Кеден одағының кеден аумағына тауарларды әкелу және осы аумақтан әкету орындарында қос дәліз жүйесін жайластыруға қолданылатын талаптар туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 259 шешімімен белгіленген талаптарға сәйкес оқшауланған және қос дәліз жүйесімен жабдықталған «ұшу», «қону» залдары, сондай-ақ халықаралық қатынастар үшін ашық әуежайлардағы «қызыл» және «жасыл» дәліздер басқа дәліздер бойынша жүретін адамдарды бақылауды болдырмайтын тәсілмен бөлінген болуы және кеден одағына мүше мемлекеттің

мемлекеттік тілінде, орысша және ағылшын тілдерінде «Кеден» және «Customs» деген жазулармен белгіленуі тиіс, әуежайда орналасқан әуежайдың авиациялық қауіпсіздік қызметінің, кеден, шекара органдарының және санитарлық-карантиндік бақылау органдарының тіркеу, ресімдеу және қарап тексеру жүргізуі үшін арнайы бөлінген залы м е н б и з н е с - з а л ы ; » .

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) оны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден соң, бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында ресми жариялануын және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін 5 жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеу туралы және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жіберу туралы мәліметтерді ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ф. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға жатады және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр А. Жұмағалиев

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі  
\_\_\_\_\_ Қ.Н. Қасымов

2013 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрі  
\_\_\_\_\_ Б.Б. Жәмішев

2013 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

2013 жылғы 28 қыркүйек

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
\_\_\_\_\_ С.З. Қайырбекова

2013 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті  
Шекара қызметінің директоры

\_\_\_\_\_ Н.А. Жоламанов